**«Арқалық қаласындағы облыстық**
**№ 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММ**
**Әдістеме - библиография бөлімі**



# «Өлкенің біртуар нар тұлғасы»

**/шаруашылық және қоғам қайраткері, Қазақ КСР кәсіптік-техникалық білім беру ісінің үздігі Досжанов Хамит Кәмәлиұлы, туғанына 85 жас/**

**Жаднама**

ӘОЖ 371
КБЖ 74.00
**Ө 53**

Құраст., компьют. терген: С. М. Көшкінбай
Жауапты ред.: Ә. Қ. Ахметжанова

**Құрастырушы:** С. М. Көшкінбай
**Шығарылымға жауапты:** К. Б. Борибаева
**Мұқабаны безендірілген:** С. М. Көшкінбай
**Редактор:** Ә. Қ. Ахметжанова

Өлкенің біртуар нар тұлғасы [Мәтін] : (шаруашылық және қоғам қайраткері, Қазақ КСР кәсіптік-техникалық білім беру ісінің үздігі Досжанов Хамит Кәмәлиұлы, туғанына 85 жас толуына арналған) : жаднама / Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі; [құраст.; С. М. Көшкінбай ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. Ә. Қ. Ахметжанова]. – Арқалық : [б.б], 2022. – 24 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі шаруашылық және қоғам қайраткері, Қазақ КСР кәсіптік-техникалық білім беру ісінің үздігі Досжанов Хамит Кәмәлиұлы, туғанына 85 жас толуына арналған жаднама дайындады. Жаднамада Досжанов Хамит Кәмәлиұлының өмірі жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 371
КБЖ 74.00

© С. М. Көшкінбай

# Өрісі биік азамат



1937 жылдың 1 қыркүйегінде Аманкелді ауданы, Қостанай облысының Үрпек ауылында туып өскен. Хамит Кәмәлиұлы Досжанов кезінде Имнов атындағы колхоздың экономикасының өсуіне өзіндік үлес қосқан, еңбегі сінген азамат. Үрпек ауылында 1952-1955 жылдары Рахманов Әбілтай, Шойбеков Бірназар құрған құрылыс бригадаларында жұмыс істеп Үрпек ауылында оннан астам үйлердің, колхоз кеңсесінің, электр станциясының құрылыстарын салуға қатынасты. 1959 жылы колхоздың комсомол ұйымына басшылық жасаған ол, 1962 жылға дейін Иманов атындағы совхоздың комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарды.

1962 жылдан 1964 жылға дейін Ағаштыкөл бөлімшесінің меңгерушісі болып жүріп, сол жердегі қойды 12 мың басқа, ірі қараны 2500 басқа жеткізіп, Көкөлең деген жерге 10 мың гектар жерге егін екті. Осылайша Иманов атындағы совхоздың мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығын дамытуға белсене араласты.

1969 жылдан 1975 жыл аралығында бүгінгі Қарасу, кезіндегі Коммунизм жолы совхозындағы 30 мыңға жеткізуге, егіннің 15 мың гектар көлемінде болуына жағдай жасаған басшы болды. Шаруашылық өзінің құрылған 1960 жылынан бастап үнемі зиян шегіп келген болса, 1970 жылдан бастап әр жылын табыспен аяқтайтын, ісі ілгері басқан шаруашылыққа айналды. Бұл табыстарға Хамит Кәмәлиұлы Досжановтың қосқан үлесі ерекше.

1976 жылдан 1990 жылға дейінгі 15 жыл бойы директор болып жұмыс істеген Хамит Кәмәлиұлы Досжанов Аманкелді селосындағы кәсіптік-техникалық училищені облыс,. Республика, одақ көлеміндегі үздіктер қатарына қосты. Сол жылдары осы кәсіптік-техникалық училищеде 400-500 көлеміндегі аудан жастары механизаторлық, сыршы, сылақшы, аспазшы мамандықтарына оқып шықса, олардың көбісі жоғары оқу орындарына түсіп жоғары білім алғаннан кейін ауданға келіп, ел игілігіне таббысты еңбек етті. Кәсіптік-техникалық училище 1977 жылы ВЦСПС-тің құрмет громатасымен наградталды.

1979 жылы ВЛКСМ мен СССР кәсіптік-техникалық білім беру мемлекеттік комитетінің қызыл туына ие болды. 1982 жылы ВЦСПС-тің дипломымен марапатталды. 1987 жылы Торғай облысының құрмет тақтасына жазылды. Ал, Хамит Кәмәлиұлы Досжанов осы жылдары Қазақстан Компартиясы, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің, Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының Алтын Құрмет кітабына жазылды. 1988 жылы Қазақ ССР кәсіптік-техникалық білім беру ісінің үздігі медальмен марапатталды.

Аудандық кеңестің депутаты, аудандық партия комитетінің Плениум мүшесі болып сайлана жүріп, ауданның экономикасының өркендеуіне сүбелі үлес қосты.

1990 жылдан бастап 1994 жылға дейін Аманкелді ауданындағы оқу бөлімін басқарды. Бұл салада да Хамит Кәмәлиұлы Досжановтың қол жеткізген жетістіктері көп болды. Ол кезде ауданда отыздан астам мектептер бар екен. Біразының материалдық-техникалық базасы нашар еді. Арада өткен бірер жылда мектептердің базасы нығайды, басқада мәселелер шешімін тауып, жетістікті жұмыстар атқарылды. Аманкелді ауданындағы мектептер негізінде республикалық деңгейдегі үлкен кеңес өтті. Сол республикалық кеңесте оқу-тәрбие жұмысындағы жақсы істер кең көлемде атап өтілді.

1994 жылдан бастап 1997 жылдың аяғына дейін Шөптікөл шаруашылығына басшы болып жұмыс жасады. 2000 гектар жерге бидай егіліп, ол өнімді сақтайтын орын дайындалды. Кеншар орталығында ұн тартатын диірмен орнатып, тұрғындарды ұнмен қамтамасыз ету жолға қойылды.

Осылайша аудан игілігі үшін еңбек еткен Хамит Кәмәлиұлы бүгіндері Арқалық қаласында тұрып жатыр. 1998 жылдан 2015 жылға дейін Арқалық қалалық ардагерлер Кеңесі төрағасының орынбасары болып қоғамдық жұмыс атқарды. 2011 жылы Арқалық қаласының құрылғанына 55 жыл толу мерекесіне сай Қостанай облысы әкімінің грамотасымен наградталды. 2005 және 2011 жылдары Қазақстан Республикасы Президенттің сайлау кезіндегі белсенді жұмысы үшін Хамит Кәмәлиұлы Досжанов елбасы Н. Ә. Назарбевтың ризалығы жазылған алғыс хаттарын алды. Ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдық мерекесіне арналған төсбелгісін алды. 2016 жылы Арқалық қаласының 60 жылдық мерекесіне арналған салтанатты жиында «Арқалық қаласының құрметті азаматы» деген мәртебелі атаққа ие болды. 2018 жылы Аманкелді ауданының құрылғанына 90 жыл толуына арналған мерекелік медаль алды. 2012 жылы Хамит Кәмәлиұлы Досжановтың Қостанай қаласындағы баспадан «Өткен күннен белгі бар» атты кітабы жарық көрді. Бүгіндері ол «Өнегілі өмір» атты кітабын жазып, дайындап қойды. Есімі Торғай елі энциклопедиясына жазылған. Мамандығы зоотехник. Қостанай қаласындағы ауылшаруашылық техникумын бітірген. 1965-1969 жылдары Алматы қаласындағы Жоғарғы партия мектебінде оқып жоғары білім алған. Отбасылы алты бала тәрбиелеп өсірген.

## Хамит Досжановтың мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізімі

1. Қадірлі қария – 87 жаста [Мәтін] : [абыз ақсақал Кәки Ақан Шәріпұлы туралы] / бетті дайындаған Дархан Амантайұлы // ARQALYQ habary. – 2022. – 12 тамыз. – Б. 4.

2. Досжанов, Хамит. Жаңауыл атауы – тарихи атау [Мәтін] : [Жаңауыл орта мектебі туралы] / Х. Досжанов // Amankeldi araiy. – 2021. – 15 қаңтар. – Б. 4.
3. Досжанов, Хамит. Жаны жайсаң жан еді [Мәтін] : [сазгер Жұмағали Өмірбеков] / Х. Досжанов // ARQALYQ habary. – 2021. – 5 ақпан. – Б. 6.
4. Досжанов, Хамит. Құтжан ақын [Мәтін] : [очерк] : [ақын Құтжан Қанжығалин туралы] / Х. Досжанов // Amankeldi araiy. – 2021. – 26 ақпан. – Б. 4.
5. Досжанов, Хамит. Кекшіл болма, көпшіл бол! [Мәтін] : [очерк] / Х. Досжанов // Amankeldi araiy. – 2021. – 16 сәуір. – Б. 6.
6. Досжанов, Хамит. Сыйласым еді, құрдасым еді, Орекен! [Мәтін] : [Алмат Орекенді еске алу] / Х. Досжанов // ARQALYQ habary. – 2021. – 17 қыркүйек. – Б. 6.
7. Досжанов, Хамит. Береке мен ырыс Жолдауы [Мәтін] : [2021 жылғы Жолдау] / Х. Досжанов // ARQALYQ habary. – 2021. – 5 қараша. – Б. 4.
8. Досжанов, Хамит. Абай дана да, дара тұлға [Мәтін] / Х. Досжанов // ARQALYQ habary = Торғай. – 2020. – 21 ақпан. – Б. 6.
9. Досжанов, Хамит. Орының бөлек Орекен! [Мәтін] : [қоғам қайраткері Орекен Алматов жайлы] / Х. Досжанов // Біздің Торғай. – 2020. – 28 қаңтар. – Б. 2.
10. Досжанов, Хамит. Айтары бар ағайын! [Мәтін] : (эссе) : [дініміз-діңгегіміз туралы] / Х. Досжанов // Amankeldi araiy. – 2020. – 28 ақпан. – Б. 4.
11. Досжанов, Хамит. Қатарлары қадыр тұтқан – Кәки Ахан [Мәтін] : [очерк] : [Аханов Кәки Шәріпұлы туралы] / Х. Досжанов // Amankeldi araiy. – 2020. – 10 шілде. – Б. 5.
12. Досжанов, Хамит. Еңбегі жаңған Емберген [Мәтін] : [ұстаз Е. Жұмабаев туралы] / Х. Досжанов // Amankeldi araiy. – 2020. – 12 қараша. – Б. 5.
13. Досжанов, Хамит. От ауызды Орекен! [Мәтін] : [ұстаз Орекен Алматов жайлы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2019. – 18 қаңтар. – Б. 4.
14. Досжанов, Хамит. Мен үшін ардақтысың, Аманкелді! [Мәтін] : [эссе] / Х. Досжанов // Аманкелді арайы. – 2018. – 9 ақпан. – Б. 3.
15. Досжанов, Хамит. Жаратылысы бөлек жан еді [Мәтін] : (Естелік) / Х. Досжанов // Amankeldi araiy. – 2019. – 28 маусым. – Б. 5.

16. Досжанов, Хамит. Өмірі өнеге болған Молдағали [Мәтін] : [еңбек ардагері Молдағали Ермағанбетұлы туралы] / Х. Досжанов // Amankeldi araiy. – 2019. – 16 тамыз. – Б. 6.
17. Досжанов, Хамит. Жақсылардың ізі қалған Жыланшық [Мәтін] : [өлке тарихы, өлкенің тарихи тұлғалары туралы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2018. – 1 маусым. – Б. 5.
18. Досжанов, Хамит. Алтын ұя – Үрпегім [Мәтін] : [эссе] / Х. Досжанов // Аманкелді арайы. – 2018. – 27 шілде. – Б. 7.
19. Досжанов, Хамит. Алтын ұя – Үрпегім! [Мәтін] : [өлке тарихы, өлкенің тарихи тұлғалары туралы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2018. – 10 тамыз. – Б. 3–4.
20. Досжанов, Хамит. Үрпектің үкілеген үздіктері [Мәтін] / Х. Досжанов // Аманкелді арайы. – 2018. – 17 тамыз. – Б. 4.
21. Досжанов, Хамит. Үрпектің бір шоқ Үркерлері [Мәтін] : [Үрпек ауылынан шыққан шопан қыздар туралы] / Х. Досжанов // Торғай. – 2018. – 30 тамыз. – Б. 4.
22. Досжанов, Хамит. Елімізді жаңғыртудың жолдауы осы болды [Мәтін] : [Президент Жолдауы туралы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2017. – 17 ақпан. – Б. 4.
23. Досжанов, Хамит. Жайсаңбайдың Шаухатбегі [Мәтін] : [Шаухатбек Жүнісұлы жайында] / Х. Досжанов // Торғай. – 2017. – 30 маусым. – Б. 3.
24. Досжанов, Хамит. Әбдіғапар хан [Мәтін] : [1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығына орай] / Х. Досжанов // Торғай. – 2016. – 17 маусым. – Б. 4.
25. Досжанов, Хамит. Жеріміздің аты-бабаларымыздың аманаты [Мәтін] / Х. Досжанов // Қостанай таңы. – 2016. – 15 қаңтар. – Б. 9.
26. Досжанов, Хамит. Елі ардақтаған азамат еді [Мәтін] : [Жақан Қосабаев туралы] / Х. Досжанов // Торғай. – 2016. – 22 қаңтар. – Б. 5.
27. Досжанов, Хамит. Қарияларға құрмет қажет [Мәтін] : [қарт қаламгердің лебізі] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2016. – 12 ақпан. – Б. 4.
28. Досжанов, Хамит. "Атыңнан айналайын, Аманкелді!" [Мәтін] : [ауданға қоныс аударған халықтар туралы] / Х. Досжанов // Қостанай таңы. – 2015. – 10 ақпан. – Б. 4.
29. Досжанов, Хамит. Жолбасшы болған Бөгетбай [Мәтін] : [қаламгер Бөгетбай Әлмағанбетұлы туралы] / Х. Досжанов // Аманкелді арайы. – 2015. – 5–12 маусым. – Б. 4.
30. Досжанов, Хамит. Біздерге ерекше едің, Сәкен аға! [Мәтін] : [елге құрметті азамат Сәкен Қосмұхамбетов туралы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2015. – 20 шілде. – Б. 4.
31. Досжанов, Хамит. Талаптың мініп тұлпарын... [Мәтін] : [кәсіпкер Тамара Соколова туралы : суреті бар] / Х. Досжанов // Торғай. – 2014. – 24 қаңтар. –Б. 4.

32. Досжанов, Хамит. Үрпек [Мәтін] : [ауыл] / Х. Досжанов // Қостанай таңы. – 2014. – 12 наурыз. – Б. 6.
33. Досжанов, Хамит. Қадірлісің Қайыңды, қадірлісің! [Мәтін] : [ауылдың тұрмыс-жағдайы туралы] / Х. Досжанов // Торғай. – 2014. – 12 қыркүйек. – Б. 5.
34. Досжанов, Хамит. Қайран, Қызыл қозым-ай! [Мәтін] : [қызыл қозы сөзінің дүниеге келуі туралы] / Х. Досжанов // Торғай. – 2014. – 8 тамыз. – Б. 4.
35. Досжанов, Хамит. Алтын ордамсың сен менің, Арқалығым! [Мәтін] : [каламыздың қал-жағдайы туралы] / Х. Досжанов // Торғай. – 2014. – 24 қазан. – Б. 3.
36. Досжанов, Хамит. Ордабайдың келіні, әнші Отаркүл [Мәтін] : [әнші Отаркүл Ордабаева туралы : суреті бар] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2013. – 19 сәуір. – Б. 4.
37. Досжанов, Хамит. Әдептен озбағанымыз дұрыс [Мәтін] : [қазақ халқының ежелден келе жатқан әдет-ғұрпын сақтау туралы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2012. – 13 қаңтар. – Б. 2.
38. Досжанов, Хамит. Заманының заңғары еді [Мәтін] : [қоғам қайраткері Д. Қонаевтың туғанына 100 жыл : суреті бар] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2012. – 27 қаңтар. – Б. 7.
39. Досжанов, Хамит. Кезекті Жолдау - қуанышқа себеп [Мәтін] : [биылғы Қазақстан халқына жолдауы туралы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2012. – 3 ақпан. – Б. 5.
40. Досжанов, Хамит. Асыл жар [Мәтін] : [аяулы қыз - келіншектер, әжелер, асыл жарлар туралы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2012. – 8 наурыз. – Б. 3.
41. Досжанов, Хамит. Тілеулі батыр [Мәтін] : [қазақтың батыры Тілеулі батыр туралы] / Х. Досжанов // Қазақ. – 2012. – 23–30 наурыз. – Б. 8.
42. Досжанов, Хамит. Ұлылар өскен, киелілер қоныстанған Жыланшық [Мәтін] : [Жыланшық ауданының тарихы туралы] / Х. Досжанов // Қазақ. – 2012. – 18–25 мамыр . – Б. 9.
43. Досжанов, Хамит. Келбеті көріктенген мешіт [Мәтін] : [қаламыздағы мешіт туралы : суреті бар] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2012. – 21 қыркүйек. – Б. 4.
44. Досжанов, Хамит. аламыздың төрінде А. Байтұрсынов [Мәтін] : [жазушы Ахмет Байтұрсыновтың ескерткішінің ашылуы туралы : суреті бар] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2012. – 2 қараша. – Б. 3.
45. Досжанов, Хамит. Президент күні - ел мерекесі [Мәтін] : [тұңғыш Президент күні туралы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2012. – 30 қараша. – Б. 3.
46. Досжанов, Хамит. Айта бергім келеді,айта бергім [Мәтін] : [қаламыздың 55 жылдығына байланысты ] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2011. – 16 қыркүйек. – Б. 3.
47. Досжанов, Хамит. Ислам діні - хақ дін [Мәтін] : [ислам әлемін тану туралы ой] / Х. Досжанов // Қостанай таңы. – 2010. – 12 ақпан. – Б. 3.

48. Досжанов, Хамит. Атың өшкір, соғыс-ай! [Мәтін] : [еңбек және соғыс ардагері Кәмали Досжанұлы туралы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2010. – 9 сәуір. – Б. 3.
49. Досжанов, Хамит. Рамазан айы - сабыр айы [Мәтін] : [рамазан айындағы игі істер туралы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2010. – 3 қыркүйек. – Б. 3.
50. Досжанов, Хамит. Жаңа мешіт керек [Мәтін] : [қаламызға жаңа мешіттің қажеттігі туралы] / Х. Досжанов // Торғай. – 2010. – 12 қараша. – Б. 4.
51. Досжанов, Хамит. Өзгелер үшін де өмір сүрудеміз [Мәтін] : [Ислам діні туралы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2009. – 21 тамыз. – Б. 4.
52. Досжанов, Хамит. Әлем таныр атақты бол, Арқалық ! [Мәтін] : Арқалыққа - 50 жыл / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2006. – 10,17,24 ақпан. – Б. 3.
53. Досжанов, Хамит. Бағың жансын, Арқалық! [Мәтін] : [өлеңдер] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2006. – 24 наурыз. – Б. 4.
54. Досжанов, Хамит. Қазақ шежіресі - азамат тарихының бір бөлігі [Мәтін] : [Қыпшақ тайпасының шежіресі] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2006. –14 сәуір. – Б. 4.
55. Досжанов, Хамит. Арқаның ардақтысы Арқалығым ! [Мәтін] : [торғай өңіріндегі жалғыз қала Арқалық туралы ой- толғам] / Х. Досжанов // Қостанай таңы. – 2006. – 13 маусым. – Б. 5.
56. Досжанов, Хамит. Жеті қазына - ердің атын шығарар қасиеттер [Мәтін] : [ислам аңызы, қазақ халқы мен грек аңызы бойынша жеті қазына туралы түсінік] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2006. – 30 маусым. – Б. 4.
57. Досжанов, Хамит. Тағдыр [Мәтін] : болған оқиға ізімен / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2006. – 27 қазан. – Б. 4.
58. Досжанов, Хамит. "Біз де соғысқа қатысқанбыз" [Мәтін] : [Ұлы Жеңіс күніне орай] / Х. Досжанов // Торғай. – 2005. – 21 қаңтар. – Б. 3.
59. Досжанов, Хамит. Ұйымшылдықтың ұйтқысы болайық! [Мәтін] : [жаңа жыл наурыз мерекесі туралы] / Х. Досжанов // Торғай. – 2005. – 18 наурыз. – Б. 3.
60. Досжанов, Хамит. Шежіреші Жиентай [Мәтін] : [Ұлы Отан соғыс жылдары туралы естелік] / Х. Досжанов // Қостанай таңы. – 2005. – 5 сәуір. – Б. 3.

## Хамит Досжанов туралы басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізімі:


1. Амантайұлы, Дархан.  Ұлттық дәстүрлеріміз ұлықталды [Мәтін] : [дөңгелек үстел] / Д. Амантайұлы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 20 наурыз. – Б. 3.
2. Ғапбасұлы, Жәнібек. Алдында ағаң болған... [Мәтін] : [зейнеткер Хамит Кәмәлиұлы Досжанов] / Ж. Ғапбасұлы // ARQALYQ habary. – 2021. – 12 ақпан. – Б. 3, 5.
3. Досжанов Хамит Торғай елі [Мәтін] // Торғай елі : энцикл. / құраст. Т. Рсаев; ред. А. Ахметов. – Алматы: Арыс, 2013. – Б. 153.
4. Ел ертеңі - білімді жастар [Мәтін] : [колледжде еңбек ардагерлерімен жүздесу өтті] / [газ. ред.] // Арқалық хабары. – 2016. – 26 ақпан. – Б. 3.
5. Саяси қуғын-сүргін құрбандары мәңгі есте [Мәтін] : [митинг] / "АХ" // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 7 маусым. – Б. 3.


## Ол туралы


1. Есінде елдің Төкені [Мәтін] : естелік кітабы / құраст.: Г. Т. Елтебаева. – Қостанай, 2014. – 184 б.
2. Жақып, Ә. Ұлы дала: Торғай тарландары [Мәтін] : ғұмырбаяндық энциклопедия. 2-том / Ә. Жақып ; ред.: Ә. Анаров ; алғы сөз жазғ.: С. Ысқақов.  – Астана: Парыз, 2016. – 98 б.

## Суреттер сыр шертеді



*Хамит Досжанов қызы Қалампыр, жиені,  жұбайы Майрамен*



*жұбайы Майрамен*



*Хамит аға достарымен*






Делегаты IV областной партийной
конференции Аркалык 12 января 1979 г.





















*Хамит аға жұмыс үстінде*



## Қадірлі аға Хамитім!

Қойыпты атын Ерғалиетай алыптың
Ардақты аға, қадірлі аға Хамитім.
Шешендікпенен, көсемдікпенен, қаламмен
Кезіңіз келді намысыңызды жанитын.

Кедесе қалып, жылы жүзбенен қарадың
Сәлемімді алып, амансың ба-дедің – қарағым.
«Жаңа өмірдің перделерін ашамда
70 жастың шымылдырығын жабамын.
Алланың берген қуатымен күшімн
80 жасқа беттеп міне барамын»

Қаламгерсіз ұшқыр әрі қарымды
Шабытпен жазған шығармаларың алымды
Тек қана бір өкінішің, әттенің
Жер анаға тапсырдың-ау жарыңды.

Құшағыңнан алыстады маралың
Сіз іздейсіз Арқарындай даланың
Қайыспай қара нарым жүре берші
Көңілінді көтер, баласын сүйіп балаңның.

Батасын алдың еліңмен халқын,жұртыңнан
Естіген жоқпын, өсек сөздерді сыртыңнан.
Тектілік деген тегіне қарап туады
«Міне қазақ» - деген сұлулық сезінер мұртыңнан.

Қартайғаныңды қабағыңнан ғана сеземін.
Өртенбесінші өкініштерден өзегің.
Қуанта берсін шөбере, шөпшек бөбегің
Жұбата берсін тоқтамай өмір өзінің.

Шаршатпасын сізді өмір жол деген белеңің
Қара қарғадай мың жасамасанда жан аға
Абыздарымыздай жүз жасайтыныңа сенемін.
Қамықпа аға, шалдықпа аға, шаршама
Қуат берсін сізге арналған осы өлеңім.

**Игі тілекпен: сазгер – ақын Болат Молдашұлы**

# Мерзімді баспа беттеріндегі жариялымдары



## Алдыңда ағаң болған...

**Мен жазғалы отырған азамат, тұлға, мадақтауға, марапаттауға, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарында әсте кенде болған емес. Соған қарамастан Хамит Камалиұлы Досжанов туралы көкейімде 30-40 жылдан бергі інілік ілтипатымды білдіруді адами тұрғыдан, туыстық-інілік парыз деп ойладым. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, қолымнан келгенінше, қаламым көтергенше аға мерейін асырсам несі айып?!**

Из ағаның өмір тарихын, әулетінің тарихын, Камали атаммен әжемізбен, ағаның бауырлары туралы бірнеше қаламгерлер қалам тербеді, өзінің жүріп өткен жолдарында сол ағайындардың жазбаларында көрініс тапты. Сондықтан шимырланған, таптаурын іздеп шығып, соны жол саламын демеймін, бірақ кімді үлгі тұттым, кіммен мақтандым бар гәп сонда.

Жалындаған жастық шағымыз біздің ұрпақта, менің құрдастарымда білсем, көрсем, қатарымнан қалмасам деп жүріп, тау қопарып, тас жарып өтердей ізденіс болатын. «Комсомолым жас қайраты елімнің» деген ұран миымызға мықтап сіңіп, алдыңғы буынға, ел алдындағы халық аузындағы ағаларға серік болуды ойлап, бір ауылмен шектелмей, аудан, облыс, республика көлеміндегі «арбаның алдыңғы доңғалақтарына» қарайтынбыз. Ал, егер, олардың бірі де, бірегейі сенің туысың Хамит ағаң болса, мейірленіп, мақтанбай, қолыңнан келсе, соған ұқсамай көр!

Хамит ағаның артықшылығы, басты ерекшелігі бұлғақтап жүруге барлық мүмкіншілігі бола тұра, ел аузындағы Камалидің баласымын демей, шаруашылыққа, қиыншылыққа ерте араласып, бұғанасы қатпай шыңдалу мектебінен өтуі бір ғанибет. Түстастары сияқты балалықтың бал дәуренін көрмей, Ұлы Отан Соғысы жылдарының алдында қиянаттың құрбаны болып, беті ауған жаққа безе көшкенде, сонау Мәскеудің түбінен шығып, жол азабы, ел азабын молынан тартып, туған топыраққа қинала жүріп мың сан қиындықпен оралғандарында қандай балалық болмақ. Қыршынның, елуінші жылдары боздағымен, ғұмырлық серіктерінен, жалғыздарынан айырылған, аналардың, аталардың қайғы қасіретінің сыртында соғыстан мүгедек болып оралған аға, әкелеріміздің әлі де тамақ ішпей, жарғақ құлақтары жастыққа тимегендері қаншама еді. Сондықтан да, саналы Хамитті бұғанасы қатпай еңбекке араластырған соның екпіні де болған шығар.

*Жалғасы 5 бетте*



ARQALYQ habary 4

## Қадірлі қария – 87 жаста

**Ол туралы жарияланған кітап:**




Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст.: Т. Рсаев. - Алматы: Арыс, 2013. – 31 б.

# Мазмұны

1. Өрісі биік азамат.........................................................................4-5
2. Хамит Досжановтың мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізімі.........................................................................6-9
3. Хамит Досжанов туралы басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізімі.........................................................................................10
4. Ол туралы әдебиеттер.......................................................................10
5. Суреттер сыр шертеді.......................................................................11-18
6. Қадірлі аға Хамитім!.........................................................................19
7. Мерзімді баспа беттеріндегі жариялымдары....................................20
8. Ол туралы жарияланған кітап........................................................21

**Шығ. жауапты:…. К. Б. Борибаева**
**Құрастырушы:….  С.М. Көшкінбай**
**Редакторы:….        Ә. Қ. Ахметжанова**

**Қаріп түрі Times New Roman.**
**Басылымның көлемі (0,3)**
**Таралымы 5 дана**

«Арқалық қаласындағы
облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru